

**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ  
АЗЫҚ-ТҮЛІК НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ**

**РАЗВИТИЕ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОГО РЫНКА РЕГИОНОВ  
СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА**

**REGIONAL FOOD MARKET DEVELOPMENT  
IN NORTH KAZAKHSTAN**

**А.Ж. ЖОЛМУХАНОВА**

экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

**Н.М. КАСКАТАЕВ**

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

**А.Ж. ҚОЙТАНОВА**

экономика ғылымдарының кандидаты

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

---

Аңдатпа. Азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері қарастырылған. Мемлекеттік реттеу, ішкі сауда шектеу әдістеріне талдау жасалған. Еліміздің ауыл шаруашылық шикізатымен және азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етуіне баға берілген. Ұсынылған медициналық нормалармен тұтынудың сәйкестігі, азық-түлік нарығының жағдайы көрсетілген. Авторлар азық-түлік өндірісін өзімізде дамыту және экспорт пен импорттың теңдестірілген құрылымы, сондай-ақ азық-түлікпен қамту тұрақтылығы үшін резервтер қорын құру үшін жағдай жасау қажеттігін алға тартады. Азық-түлік нарығы жағдайының және тұрғындарды тағам өнімдерімен қамтамасыз ету жағдайы көрсеткіштеріне талдау жасау олардың ішінен басқару шешімдерін қабылдау үшін ең тиімді деген біреуін таңдап алу еліміздің азық-түлік қауіпсіздігімен қамтамасыз ету стратегияларын – ұлттық азық-түлік жүйесі векторын қалыптастыратын мемлекеттік экономикалық саясатының басты мақсатының бірін жасау барысындағы маңызды тапсырмалардың бірі болып табылады.

Аннотация. Рассмотрены проблемы обеспечения продовольственной безопасности. Проанализированы методы государственного регулирования, внешнеторговые ограничения. Дана оценка самообеспеченности страны сельскохозяйственным сырьем и продуктами питания. Показаны соотношение фактического потребления с рекомендуемыми медицинскими нормами, состояние продовольственного рынка. Авторы констатируют, что обеспечить развитие собственного производства продовольствия и создать условия для сбалансированной структуры экспорта и импорта, а также резервных запасов для стабилизации продовольственного обеспечения. Анализ показателей состояния продовольственного рынка и обеспечения населения продуктами питания, выбор наиболее оптимальных из них для принятия эффективных управленческих решений является важной задачей при разработке

стратегии обеспечения продовольственной безопасности страны - одной из главных целей экономической политики государства, формирующей вектор национальной продовольственной системы.

**Abstract.** The issues of ensuring food security have been considered. State regulation methods, foreign trade restrictions have been analyzed. Self-sufficiency of the country with agricultural raw materials and food products has been evaluated. The ratio of actual consumption and recommended medical standards, the state of food market are shown. The authors state that it is necessary to ensure the development of own food production and create conditions for a balanced exports and imports structure, as well as reserve stock to stabilize food security. Analysis of indicators of the state of food market and provision of food products to the population, selection of the most optimal ones for taking effective management decisions is the important task in developing a strategy of ensuring the country's food security, one of the main goals of the State economic policy which is forming the national food system vector.

**Түйінді сөздер:** агроөнеркәсіптік кешен, мал шаруашылығының азық-түлігі, өсімдік шаруашылығы, ет және ет өнімдері, тұтынушылар, ауыл кооперативтері, шаруа шаруашылығы, экспорт, импорт, ауыл кәсіпкерлері.

**Ключевые слова:** агропромышленный комплекс, продукты питания животноводство, растениеводство, мясо и мясопродукты, потребители, сельские кооперативы, крестьянские хозяйства, экспорт, импорт, сельские предприниматели.

**Key words:** agroindustrial complex, food products, livestock production, crop production, meat and meat products, consumers, rural cooperatives, peasant farms, export, import, rural entrepreneurs.

Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы ең маңызды салаларының бірі тамақ өнеркәсібі болып табылады. Оның тиімді жұмыс жасауы елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуда ерекше маңыздылыққа ие. Себебі, азық-түлік тауарларының үлесі елдегі материалдық өндіріс саласындағы өндірістің жалпы көлемінің шамамен 12%-н құрайды.

Соңғы бес жылдағы Қазақстандағы азық-түлік нарығының жалпы экономикалық жағдайының жай-күйі және оның үрдістері болып саналатын еліміздегі жалпы экономикалық көрсеткіштер, ішкі және сыртқы сауда, ақша-кредит саласы, капитал салымдарының көлемі мен динамикасын, баға деңгейі мен динамикасының көрсеткіштерін негізге ала отырып, ол көрсеткіштерді талдау нәтижесінің мәліметтері бойынша, оның жақсы жағдайда екендігін көруге болады. 2016 ж. бастапқы 9 айының көрсеткіштері бойынша ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 2015 ж. осындай кезеңімен салыстырғанда 4,9%-ға өсті [1].

Ауыл шаруашылығының мұндай өсімге қол жеткізуінің басты себебі өсімдік шаруашылығының - 7,0%-ға және мал шаруашылығының - 2,5%-ға арттыруының нәтижесінде болған. Ауыл шаруашылығындағы ең жоғары өсімдерге қол жеткізілген келесі облыстар: Ақмола (13,1%), Қостанай (7,9%) және Батыс Қазақстан (6,8%). 2009-2015 жылдардағы жалпы өнімінің орташа жылдық өсу қарқыны 1995-2000 жылдардың орташа

көрсеткіштерімен салыстырғанда шамамен 16%- пайызға жоғары болды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өсуі егістік жердің 1 гектарынан алынатын өнімнің артуымен байланысты болды, атап айтқанда 2010 жылы егістік жердің 1 гектарынан 37,7 мың теңгенің өнімі алынса, 2015 жылы бұл көрсеткіш 41,7 мың теңге болған.

Ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестициялардың күрт өсуінің себебі индустрияландыру картасы, ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін арттыру жобасы (мал бордақылау алаңы санының артуы) аясында жүргізілген өңірдегі жаңа жобалардың енгізілуімен байланысты болды. Сондай-ақ, ауылдық жерлерде кооперацияларды енгізу бойынша шараларды ынталандыру (ауыл шаруашылық өнімдерін қабылдау пункттері), инвестициялық субсидиялау көлемін ұлғайту аясында қол жеткізілді. 2010 ж. жағдаймен салыстырғанда 29,9 мың теңгеге немесе 9,1%-ға өсті. Астықтың жалпы түсімі, астық түсімінің сәйкесінше 18,5% және 16,3% төмендеуіне қарамастан 2013-2014 жж. салыстырғанда артқан. Сонымен қатар, өндірілген астық ішкі сұранысты қанағаттандыруға толық мүмкіндік береді. Астық экспортының көлемін 16,2%-ға ұлғайту және соңғы екі жылда оның орта жылдық көрсеткіштерін 6,4 млн. тоннаға дейін арттыру көзделуде.

2016 жылдың 24 қазандағы жағдай бойынша әр гектардан 15,4 ц өнім жиналып, 2015 ж. сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,4 ц

жоғары болды. Қарастырылып отырған кезеңге жиналған астық мөлшері 23,6 млн. т құрады. Нәтижесінде, азық-түлік өндірісінің өсуі 2016 ж. 3,5% -ды құрады.

Өз кезегінде, азық-түлік өндірісінің нақты жағдайы бойынша келесідей өнім түрлерін өндіру көлемінің өсімін көруге болады: жарма - 44,7%, қант - 61,6%, ұн - 14,7%-ға, өсімдік майы - 13,5% кілегей - 10,5%, шұжық өнімдері - 9,5%-ға, шикі сүт өнімдері - 5,9%-ға артқан.

Осы жағдайларға байланысты кілегей майын өндіру - 4,9%, ірімшік және сүзбе өндіру 25%, құрғақ сүт ұнтағын 21%, қайта өңделген және консервіленген көкөністерді өндіру 21,3%, торттарды және кондитерлік өнімдерді өндіру 2,9%, макарон өнімдерін өндіру 0,75%-ға төмендейді деп күтілуде.

Сондай-ақ, өндіріс көлемінің төмендеуінің негізгі себептері ішкі нарықтағы арзан импорттық тауарлардың болуымен тікелей байланысты. Сонымен қатар, өндіру және са-ту мәселелері, өндірістің маусымдылығының болуы секілді басты факторлар әсер етеді.

Астық экспортының айтарлықтай бөлігі ТМД елдерінің үлесіне тиесілі, орта есеппен екі жылда бұл мемлекеттерге 4 млн. тонна Қазақстандық астық жөнелтілген, бұл көрсеткіш жалпы экспорттың 69%-ын құрайды. Жалпы экспорт бойынша Қазақстандық астықты ең көп импорттаған елдер: Ресей - 26%, Украина - 23%, Әзірбайжан - 12% [1]. Экспортты арттыру және импорттың көлемін қысқарту үрдісі болғанымен 2016 жылдың басында экспорт құрылымындағы азық-түлік импортының үлесі 4% құрады, ал импорт құрамында 7% көрсетіп отыр.

2016 ж. жағдай бойынша дәнді дақылдардың жалпы түсімінің өнімділігінің артуы оны қайта өңдеу нәтижесінде артып, яғни 19,5% -ға өсті және 19,5 млн тоннаны құрады.

2016 ж. жағдайды 2015 ж. салыстырғанда мал шаруашылықтардың барлық санаттары бойынша өскенін келесі көрсеткіштерден көруге болады: ірі қара мал - 3,8%-ға (5,7 млн бас); қой мен ешкі - 6,2% (15,2 млн бас), шошқа - 1,6% (1,3 млн бас), жылқы - 4,8% (1,2 млн бас.) құс - 8,8%-ға (28,5 млн бас) өскен.

Республика бойынша азық-түлік өнімдерінің негізгі түрімен қамтамасыз етілу дәрежесі мен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін, тамақ өнімдерін өңдеу мекемелері мен кәсіпорындар көлемін талдау көрсеткіштері 2015 жылы 2014 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өндіріс көлемінің басым түрлерінде өсімнің бар екенін көрсетті, атап айтқанда: картоп 14%, 11% - өңделген сүт 22%, ірімшік және сүзбе 30%, шұжық өнімдері 9,5%, өсімдік майы 6%, шырын үшін 30%, өсімдік майы 6%-ға артқан.

2015 ж. жалпы, азық-түлік өнеркәсібінің көлемі 672 млрд теңгеге жетті, ол өткен

жылдың нақты кезеңдерімен салыстырғанда 7,5%-ға жоғары.

Халықты азық-түлік өнімдерінің негізгі түрлерімен қамтамасыз ету үшін және тұты-нудың белгілі бір нормалары бойынша азық-түлік өнімдерімен өз сол аймақтарын қамта-масыз ету деңгейін бағалау, сонымен қатар, мемлекеттік статистикалық көрсеткіштеріне сәйкес облыс тұрғындары үшін негізгі өнім-дердің қажетті саны есептелген. Осыған сәй-кес, тұрғындар құрамының санын және негізгі азық-түлік өнімдерінің бір-біріне қатысты тұтыну көлемі мен «өндіріс-тұтыну» балансы үшін азық-түлік өнімдерінің жоспарын тиімді жасап қажетті мөлшерін анықтауға болады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерімен аймақты қамтамасыз ету дәре-жесі және оның халықтың қажеттіліктеріне сәйкестігі өндірістегі негізгі өнім түрлерінің деректерін пайдалану нәтижесінде анықта-лады. Сондай-ақ облыс тұрғындарын қажетті өнімдермен қамтамасыз ету үшін оның қа-жетті саны есептеледі. Біздің еліміздегі тұты-нудың белгілі бір нормаларына сәйкес есеп-телген тұтыну нормалары әлемдік көрсет-кіштермен салыстырғанда әлдеқайда төмен.

Бұл мәліметтерден дамыған мемлекет-термен салыстырғанда біздің мемлекетімізде негізгі өнім түрлері бойынша әр тұрғынға тұтыну нормалары қалыпты деңгейден төмен екендігін көреміз.

Осылайша, соңғы 10-15 жылда Ақмола облысында азық-түлік нарығының барлық элементтері мен аспектілері өзгеріске ұшы-рады. Аймақтық азық-түлік қауіпсіздігі деңгейі де оң көрсеткішке ие болмады, өндірістің барлық негізгі критерийлері (физикалық жағ-дайы, экономикалық қолжетімділік, азық-түлік сапасы мен оның тұрақтылығы) осы кезең ішінде айтарлықтай азайды. Осы жағдайлар мен біздің жоғарыда көрсеткен талдау нәти-желеріміз негізінде анықталған мәліметтер аясында бұл аймаққа азық-түлік көлемінің қа-жетті мөлшерін өндіру үшін белгілі дәрежеде әлеуеттің қажеттігі анық байқалады.

Қазақстан Республикасындағы ет өндірісі дәстүрлі және басымдылығы жоғары ауыл шаруашылығындағы бағыттардың негізгі түр-лерінің бірі. Ең жақсы нәтижелерге өткен ғасырдың 80-ші жылдардың соңында қол жеткізілген, ол кезде жылдық ет өндіру көлемі 1,5 млн. тоннадан асқан, ал жан басына шаққандағы тұтыну көлемі Бүкілодақта - 66 кг. құраса, Қазақстанда бұл көрсеткіш 86 кг. шамасында болған.

XX ғасырдың 80-ші жылдардың аяғында ет өңдеу бойынша Қазақстан Республика-сының барлық қайта өңдеу кәсіпорын-дарының жалпы қуаты бір ауысымда 2250 тоннадан астам шаманы құраған. Бұл жағ-дайда, олардың көпшілігінің қуаты әр ауы-сымда 20-100 тонна, ал ең ірі екі кәсіпорында



## Аграрная политика: механизм реализации

1-кесте – Тағам өнімдерінің негізгі түрлері бойынша азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету (2012-2016 жж. Қазақстанның орташа халқы бойынша)

| Тағам өнімдері              | Тұтынудың ұлт-тық нормасы | Өндіріс |       |       |       |       |
|-----------------------------|---------------------------|---------|-------|-------|-------|-------|
|                             |                           | 2012    | 2013  | 2014  | 2015  | 2016  |
| Астық (млн. т)              | 2,9                       | 20,1    | 15,6  | 22,3  | 16,3  | 18,5  |
| Ет және ет өнімдері (мың т) | 4,0                       | 5,0     | 5,2   | 5,1   | 4,9   | 5,1   |
| Жұмыртқа (млрд. дана)       | 2,1                       | 2,1     | 2,3   | 2,2   | 2,2   | 2,3   |
| Көкөніс-жеміс (млн. т)      | 1,5                       | 2,9     | 3,1   | 3,2   | 3,3   | 3,4   |
| Картоп (млн. т)             | 1,1                       | 2,4     | 2,4   | 2,5   | 2,6   | 2,7   |
| Өсімдік майы (мың т)        | 137,9                     | 237,3   | 187,7 | 186,0 | 195,3 | 198,2 |

Ескерту: [қарал терек 3] әдебиет бойынша құрастырылған

1-кесте бойынша 2016 ж. өнім өндіру көлемі 2015 ж. салыстырғанда 2,2 млн тоннаға, ет және ет өнімдері 0,2 млн. тоннаға, жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдеріне 0,1 млрд. дана, көкөніс алқабы 0,1 млн. тоннаға, картоп 0,1 млн тоннаға, өсімдік майы 2,9 мың тоннаға артты.

Қазақстанда жоғары сапалы азық-түлік өнімдерін өндіруді арттыруға бағытталған резервтерді іске асырудың барлық мүмкіндіктері бар. Ең алдымен, бұл өндірісте ҒТП жетістіктерін кеңінен енгізу алға қойылған. Көптеген кәсіпорындар үшін инновациялық даму негізінде мүмкін болатын жаһандық өндірушілермен ынтымақтасу маңызды міндет. Көптеген жағдайларда ең тиімді стратегия

ұзақ мерзімді ынтымақтастық, әлемдік көш-басшылармен альянстарға қатысу, сыртқы нарықтарға тәуелсіз кірудің баламасы болды.

Қазақстандық компаниялардың шетелдік серіктестермен өзара іс-қимыл тәжірибесі әлемдік нарыққа кірудің проблемалары мен артықшылықтарын түсіну жолында одан әрі дамығанын көрсетті, олардың қаржылық және экономикалық жағдайы тұрақты.

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымының жалпы көлемі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте – 2014-2016 жж. ҚР жалпы сыртқы сауда айналымы (млн. АҚШ долл. США)

| Өнім                                                       | Айналым              | 2014     | 2015     | 2016     | 2016 ж. к 2015 ж., % |
|------------------------------------------------------------|----------------------|----------|----------|----------|----------------------|
| Жалпы                                                      | Жалпы тауар айналымы | 121241,7 | 132807,2 | 133506,0 | 100,5                |
|                                                            | Экспорт              | 84335,9  | 86448,8  | 84700,4  | 97,9                 |
|                                                            | Импорт               | 36905,8  | 46358,4  | 48805,6  | 105,3                |
|                                                            | Сальдо               | 47430,1  | 40090,4  | 35894,8  | 89,5                 |
| Жануарлар мен өсімдік тектес өнімдер, дайын тағам өнімдері | Жалпы тауар айналымы | 5828,0   | 6991,2   | 7604,1   | 108,7                |
|                                                            | Экспорт              | 1830,6   | 2733,4   | 2984,7   | 109,2                |
|                                                            | Импорт               | 3997,4   | 4257,8   | 4619,4   | 108,5                |
|                                                            | Сальдо               | - 2166,8 | - 1524,4 | - 1634,7 | 107,2                |

Ескерту: [3] әдебиет бойынша құрастырылған

2-кестеден көріп отырғанымыздай, тауар айналымы көбеюде. 2015 ж. ол 132807,2 млрд. АҚШ долларын құраса, 2016 ж айналымның 698,8 млрд. долларға немесе 0,5%-ға өсіп, 133506,0 млрд. долларды құрады.

Бұл өсім импорт көлемінің 5,3%-ға артуымен байланысты болды.

Жануарлар мен өсімдік тектес өнімдердің, дайын тамақ өнімдерінің жалпы айналымы да артып келеді. 2016 ж тауар айналымының өсуі 2015 ж салыстырғанда 8,7%-ы құрады. Тауар айналымы құрылымын қарастырсақ, тауарлардың импорты үш талдауға дейін басым болады (2014 ж. - 2 166,8 млн. АҚШ доллары, 2015 жылы - 1524,4 млн. АҚШ доллары, 2016 - 1634, \$ 7 млн АҚШ долл).

Елде халық табысының айтарлықтай дифференциациясы бар, сондықтан азық-түліктің орташа деңгейіне талдау жасау тиімсіз. Қазіргі уақытта Қазақстанның индустриялық-технологиялық дамуының негізгі бағыттары анықталды. Облыста қайта өңдеу кәсіпорындарына салық жеңілдіктері, банктік несиелерді пайыздық мөлшерлемелер бойынша субсидиялау, өндіріске халықаралық сапа стандарттарын енгізу бойынша шығындар, Агроөнеркәсіп кешенінің экспорттық әлеуетін арттыру бойынша түрлі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда, олар: дамыған инфрақұрылымы бар азықтандыру алаңдарын құру, малды сою алаңдары, кешенді ет өңдеу жұмыстарын ұйымдастыру және т.б. бойынша ірі жобалар жүргізілуде.

Мал шаруашылығы бойынша шағын тауар өндіруші кооперациялар есебінен орта және ірі фермерлік шаруашылықтарды құру нәтижесінде қолданыстағы шаруа қожалықтарының қуатын арттыру, ондағы өндірісті кеңейтуге баса назар аударылады. Мал шаруашылығын нығайту үрдісін одан әрі ынталандыру үшін ауқымды іріктеу бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде ауыл шаруашылығы малдарының барлық түрлері бойынша олардың генетикалық әлеуетін арттыру жұмыстары жалғасады. Тұтынушылардың мұқтаждықтарын қанағаттандыру олардың ет және ет өнімдеріне тұтынушылық қасиеттерімен қамтамасыз етіледі, олардың саны, маңызы мен арақатынасы әр өнім үшін әр түрлі болады. Тұтынушылық қасиеттердің жиынтығы, олардың деңгейлері тұтынушы үшін ет пен ет өнімдерінің пайдаланылу құнының немесе оның пайдалылығының деңгейімен анықталады. Әрине, тұтынушы үшін тұтынудың жоғары деңгейі бар өнімдер тартымды болады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

- 1 Министерство национальной экономики Республики Казахстан Комитет статистики. [Электронный ресурс]. - 2016.- URL: <https://stat.gov.kz> (дата обращения: 19.09. 2017).
- 2 Правительство Республики Казахстан. [Электронный ресурс]. - 2016.-URL: <http://ru.government.kz> / (дата обращения: 28.08.2017).
- 3 Рустембаев Б.Е., Каскатаев Н.М., Жакисhev Б.А. Мониторинг потенциальных возможностей северных регионов Республики Казахстан для внутренних транспортно-логистических услуг // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – М., 2015. - № 11. – С. 89-92.
- 4 Кривко Н., Чеснокова Г., Аманатова Е. О ценах на продукты питания и инфляционных ожиданиях населения в Республике Казахстан // Экономика и статистика.- 2012. - №1. - С.102-105.
- 5 Каскатаев Н.М., Жолмуханова А.Ж., Карсыбаева К.А. Некоторые аспекты управ-

ления процессом товародвижения // Проблемы агрорынка.- 2016. - № 4. – С. 76-82.

6 Джусибалиева А.К., Каскатаев Н.М., Нурмаганбетов К.К.. Актуальные проблемы государственного регулирования продовольственной безопасности // Проблемы агрорынка.-2016. - № 4. – С. 44-50.

7 Кенжегузин М.Б., Баильдинов Е.Т., Дюсенбаев А.А. Экспортно-транзитный потенциал Казахстана: механизм реализации. - Алматы, 2012. - 130 с.

#### ***Pajdalanylǵan әdebietter tizimi***

- 1 Ministerstvo nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazakhstan Komitet statistiki. [Jelektronnyj resurs]. - 2016. - URL: <https://stat.gov.kz> (data obrashhenija: 19.09.2017).
- 2 Pravitel'stvo Respubliki Kazakhstan. [Jelektronnyj resurs]. - 2016.-URL: [http:// ru.government.kz/](http://ru.government.kz/) (data obrashhenija: 28.08.2017).
- 3 Rustembaev B.E., Kaskataev N.M., Zhakishev B.A. Monitoring potencial'nyh vozmozhnostej severnyh regionov Respubliki Kazakhstan dlja vnutrennih transportno-logisticheskix uslug // Mezhdunarodnyj zhurnal prikladnyh i fundamental'nyh issledovanij. – M., 2015. - № 11. – S. 89-92.
- 4 Krivko N., Chesnokova G., Amanatova E. O cenah na produkty pitaniya i infljacionnyh ozhidaniyah naselenija v Respublike Kazakhstan //Jekonomika i statistika.-2012.-№1.- S.102-105.
- 5 Kaskataev N.M., Zholmuhanova A.Zh., Karsybaeva K.A. Nekotorye aspekty upravlenija processom tovarodvizhenii // Problemy agrorynka.- 2016. - № 4. – S. 76-82.
- 6 Dzhusibalieva A.K., Kaskataev N.M., Nurmaganbetov K.K.. Aktual'nye problemy gosudarstvennogo regulirovanija prodovol'stvennoj bezopasnosti // Problemy agrorynka. - 2016. - № 4. – S. 44-50.
- 7 Kenzheguzin M.B., Bail'dinov E.T., Dju-senbaev A.A. Jeksportno-tran-zitnyj potencial Kazakhstan: mehanizm realizacii. – Almaty.

